

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.05.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/57253/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 8.1А Квадрат түбір және иррационал өрнек.	Мектеп:№64 Ж.Аймауытов атындағы мектеп гимназия	
Күні:09.10.18 ж	Мұғалімнің аты-жөні: Мамытова Р.Е.	
Сынып: 8 «А»	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасы на сілтеме)	8.1.2.4 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылтады	
Сабақтың мақсаты	<p>Оқушылардың барлығы:Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылта алады;</p> <p>Оқушылардың көпшілігі: Өрнекті түрлендіру арқылы бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылта біледі</p> <p>Оқушылардың кейбірі:Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылтуға күрделі есептерді шығара біледі.</p>	
Жетістік критерийлері	<p>—арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдана алады;</p> <p>-бөлшектің алымы мен бөлімін бөлімінің түйіндесіне көбейте алады;</p> <p>—бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылта алады.</p>	
Тілдік мақсаттар	<p>Пәнге тән терминдер мен сөз тіркестері: иррационалдықтан арылту, бөлімінің түйіндесі, бөлшектің алымы, бөлімі</p> <p>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер</p> <p>Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылту дегеніміз....</p>	

Құндылықтарды дарыту бау	Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» т.б.с.с.	
Пәнаралық байланыс	Информатика, тарих, көркем еңбек	
АКТ қолдану дағдылары	Графикалық органайзерлер, PowerPoint, Activ-Studio ,ғаламтор желісі : http://www.Bilimland.kz	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы; Жай бөлшектерді көбейту; Жай бөлшектің қасиеттері.	
Сабақ барысы		
	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

Сабақтың басы	Оқушылармен амандасу, шаттық шеңберін құру арқылы сыныптағы психологиялық ахуалды реттеу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.	
2 мин	Топқа біріктіру: Геометриялық фигуралар араластырып оқушыларға таратылады (шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш). Бірдей фигураны алған оқушылар бірге топтасады.	геометриялық фигуралар
2 мин	Ширату жаттығуы: Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Бірінші оқушы кез-келген жай бөлшек айтады. Екінші алдыңғы оқушының айтқан жай бөлшегін иррационал бөлшекке келтіріп айтады. Ары қарай осылай соңғы оқушыға дейін жалғаса береді. Жарайсыңдар балалар! Оқушылардың назарын сабаққа аудару, жақсы көңіл-күй қалыптастыру.	
4 мин	«Кім жылдам» әдісі арқылы өткен тақырыпты еске түсіру. Қайталау сұрақтары интерактивті тақтадан беріледі. Әр топ білгендерін сыни тұрғыдан ойлау арқылы нақты дәлелдемелермен жауап береді. 1. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері қандай? 2. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату дегеніміз не? Мысал келтір. 3. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару арифметикалық квадрат түбірдің қандай қасиетіне негізделген? 4. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылту үшін қандай формуланы қолданамыз? Неліктен? 5. Бөлімінде түбірі бар бөлшектің жуық мәнін қалай есептеуге болады? ҚБ: Жұлдызшалар арқылы бағалау. Жауап берген оқушыларға мұғалім мадақтау жазылған жұлдызшалар беру арқылы оқушыларды ынталандырып, сабаққа қызығушылығын арттырады.	Интерактивті тақта
1 мин		жұлдызша

Сабақтың ортасы 7 мин	<p>1-тапсырма. Оқулықпен жұмыс: Топпен жұмыс. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы сынып бойынша тапсырманы орындайды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бірінші оқушы шығару жолын айтады, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы түртіп алады. 4 оқушы тақтаға жазады. 1) 2) 3) 4). бөлшектердің бөлімдерін иррационалдықтан арылтыңдар.</p>	оқулық тақта
1 мин	<p>ҚБ:Смайликтер арқылы топтар бір-бірін бағалайды. Оқушылар тапсырмаға қатысты өздерін қолайлы сезіну деңгейін білдіру үшін смайликтерді салып бағалайды.</p>	
9 мин	<p>2-тапсырма. «Топтық жұмыс» . Оқушылардың білім деңгейлерін ескеріп топтық жұмыста жеңілден-күрделіге қарай есептер беріледі. Әр топқа үлестірмелер таратылады. Интерактивті тақтадан дұрыс жауабы шығады 1); 2) 3) ; 4)</p>	смайликтер
5 мин	<p>Дескрипторлары: -Бөлшектің бөлімінің түйіндесін анықтайды; -Бөлшектің алымы мен бөлімін бөлімінің түйіндесіне көбейтеді; -Қысқаша көбейту формуласын қолданады; -Бөлшектердің қасиетін қолданады; -Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарады; -Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан арылтады; Дескриптор бойынша бір-бірінің есептерін тексереді, дұрыс жауап интерактивті тақтадан беріледі. 3-тапсырма. Жұптық жұмыс «Айырмашылығы неде?» әдісі арқылы сыныпқа иррационал бөлшектің жуық мәнін табуды 2 түрлі тәсілмен шығаруға есеп беріледі. Екеуінің арасындағы айырмашылықты анықтап, шығарылу жолын көрсетеді. Мақсаты: есеп шығаруда түрлі тәсілдерді қолдану арқылы оқушының өзіне тиімді тәсілді таңдауына, жұптасып жұмыс жасауына ықпал жасау. Жұптар шығарып болғаннан соң бір-бір оқушыдан шығып тақтаға есепті жазады, қалған жұптар бір-бірін алмастырып тексереді. ҚБ: Жұптар бір-бірін «жазбаша мадақтап» бағалайды. Бір-бірін әділ, ашық бағалауға, ойларын ашық айтуға дағдыланады.</p>	интерактивті тақта
1 мин		интерактивті тақта

<p>Сабактың соңы (8 мин)</p>	<p>4-тапсырма «Ойлан тап» әдісі арқылы сәйкестендіруді орындау, жұптарға үлестірме беріледі.</p>				
<p>5 мин</p>	<p>1</p>		<p>а</p>		
	<p>2</p>		<p>б</p>		
	<p>3</p>		<p>в</p>		
	<p>4</p>		<p>г</p>		
	<p>5</p>		<p>д</p>		
	<p>Жауабы:</p>				
	<p>1</p>	<p>2</p>	<p>3</p>	<p>4</p>	<p>5</p>
	<p>б</p>	<p>г</p>	<p>д</p>	<p>в</p>	<p>а</p>
<p>1 мин</p>	<p>ҚБ: Интерактивті тақтаға жауаптары шығады, жұптар бір-бірінің жауаптарын алмастырып тексереді. Қате жауапты өзара талқылайды. «Жарайсың», «Жақсы», «Өте жақсы» т.б деп мадақтайды.</p>				
	<p>Үйге тапсырма: №</p>				
	<p>Кері байланыс:</p>				
<p>2 мин</p>	<p>«Жетістік баспалдағы» әдісі оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын және өтілген материалды меңгеруге қай баспалдақта тұрғанын анықтайды. Баспалдақ тақтаға ілінеді, балалар өздері орындаған жұмысты стикерлермен өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. Не үшін сол баспалдаққа қойғандарын стикерге жазып жапсырады.</p>				
<p>Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>			

<p>3-тапсырма саралау тапсырмасы. Саралау жұмысында «Тапсырма тәсілін» алдым. Оқушылардың білім деңгейлерін ескеріп жеңілден-күрделіге қарай есептер беріледі. Қолдауды көбірек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар бере отырып, есепті шығаруына ықпал ету. Мысалы: қандай формуланы қолдануға болады? формулаларды дұрыс қолдануын қадағалау; Қолдауды орташа қажет ететін оқушыларға тапсырманы жеңілден күрделіге қарай беру. Қандай тәсілді қолдандың? Неліктен тиімді деп ойлайсың? Қолдауды аз қажет ететін оқушыларға күрделі есептерді шығарту және оқулықтан тапсырма беремін.</p>	<p>«Жұлдызшалар»-ашық сұрақтарға жауап берген оқушыларды ынталандырып, сабаққа қызығушылығын арттыру үшін беріледі. «Смайликтер»- топтар бір-бірін бағалай отырып тапсырманың қаншалықты орындалғанын смайликті салу арқылы түсінікті, нақты бағалайды, нәтижесінде оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады. «Жазбаша мадақтау» -бір-бірін әділ, ашық бағалайды. «Мадақтау» -«Жарайсың», «Жақсы», «Өте жақсы» деп бағалағанда оқушылардың ынтасы артып, өзіне деген сенімділік пайда болады.</p>	<p>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды. Партада дұрыс отыруын қадағалау.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p><i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?</i></p> <p><i>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i></p>	<p><i>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>	

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.